

Қарағанды облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылыққа пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының әкімдігінің 2024 жылғы 4 қазандағы № 60/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 7 қазанда № 6666-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2025 жылғы 15 қазандағы № 60/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 15.10.2025 № 60/02 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 39, 116, 125-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына, "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, Қарағанды облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері жобалау құжаттары және түзетулері негізінде белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, Қарағанды облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылыққа пайдалану режимі мен ерекше жағдайларын белгіленсін.

3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес, Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Булекпаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті

Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық

бақылау департаменті"
республикалық мемлекеттік мекемесі
"КЕЛІСІЛДІ"
"Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация министрлігі
Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің
Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі
Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясы"
республикалық мемлекеттік мекемесі
"КЕЛІСІЛДІ"
"Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация министрлігі
Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің
Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі
Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы"
республикалық мемлекеттік мекемесі
"КЕЛІСІЛДІ"
"Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация министрлігі
Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің
Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі
Есіл бассейндік инспекциясы"
республикалық мемлекеттік мекемесі
"КЕЛІСІЛДІ"
"Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация министрлігі
Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің
Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі
Ертіс бассейндік инспекциясы"
республикалық мемлекеттік мекемесі

Қарағанды облысы әкімдігінің
2024 жылғы 4 қазандағы
№ 60/03
қаулысына 1-қосымша

Қарағанды облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

Постановление	Су объектісінің атауы	Орналасқан жері	Су қорғау аймағының ені (метр)	Су қорғау белдеуінің ені (метр)
Қарағанды қаласы				

1	Кіші Бұқпа өзені	Қарағанды қаласы	75-500	35-100
2	Үлкен Бұқпа өзені	Қарағанды қаласы	500	35-100
3	Солонка өзені	Қарағанды қаласы	300-500	50-100
4	Веснянка өзені	Қарағанды қаласы	500	35-100
5	Көкпекті өзені	Қарағанды қаласы	500	35-75
6	Узенка өзені	Қарағанды қаласы	500	35-100
7	Ащилыайрық өзені	Қарағанды қаласы	500	35-100
Балқаш қаласы				
8	Балқаш көлі (су қорғау аймағы мен жолағының ішкі шекарасы 342,0 метр таңбаланудағы су қиылысында қабылданады)	Балқаш қаласы	500-3170	35-100
Приозерск қаласы				
9	Балқаш көлі (су қорғау аймағы мен жолағының ішкі шекарасы 342,0 метр таңбаланудағы су қиылысында қабылданады)	Приозерск қаласы	500-3170	35-100
Саран қаласы				
10	Саран су қоймасы	Саран қаласы, Карагандинка өзенінде	500	35-100
Шахтинск қаласы				
11	Тентек өзені	Шахтинск қаласы	500	35-50
Абай ауданы				
12	Тентек өзені	Абай ауданы	500	35-50
13	Сасықкөл көлі	Абай ауданы, Шахтинск қаласының оңтүстік-батысқа қарай 8 километр	500	35-100
14	Шерубай-Нұра су қоймасы	Абай ауданы, Топар кентінің оңтүстік-батысқа қарай 3 километр жерде, Шерубайнұра өзенінде	500	35-100
15	Топар өзені	Абай ауданы	500	35-50
16	Сулу өзені	Абай ауданы	500	50
17	Есен өзені	Абай ауданы	500	35-75
Актоғай ауданы				

18	Балқаш көлі (су қорғау аймағы мен жолағының ішкі шекарасы 342,0 метр таңбаланудағы су қиылысында қабылданады)	Ақтоғай ауданы	500-3170	35-100
19	Зеленый аралы орналасқан шегінде Балқаш көлі (су қорғау аймағы мен белдеуінің ішкі шекарасы балтық жүйесінің 342,0 метр белгісіндегі су кемері бойынша қабылданған)	Ақтоғай ауданы	500	35
20	Тоқырау өзені (су қорғау аймағы мен жолағының ішкі шекарасы суару кезеңіндегі орташа көпжылдық межендік дәрежедегі су қиылысында қабылданады)	Ақтоғай ауданы	500-3500	55-100
21	Қусақ өзені	Ақтоғай ауданы	500	35
22	Жәмші өзені	Ақтоғай ауданы	500-1300	55-100
23	Қараменды өзені	Ақтоғай ауданы	500	35-50
24	Мойынты өзені	Ақтоғай ауданы	500	55-100
25	Ақтайлақ өзені	Ақтоғай ауданы	500	35-36
26	Қаршығалы өзені	Ақтоғай ауданы	500	35-36
Бұқар-Жырау ауданы				
27	Шідерті өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	100
28	Шайлы өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	55-100
29	Көкпекті өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
30	Узенка өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-100
31	Ащилыайрық өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-100
32	Ошағанды өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
		Бұқар-Жырау ауданы, Көкпекті ауылынан шығысқа		

33	Көкпекті су қоймасы	қарай 2 километр жерде, Көкпекті өзенінде	500	35-50
34	Ащысу су қоймасы	Бұқар-Жырау ауданы, Қарағанды қаласынан солтүстік-шығыс бағытта 90 километр жерде	500	35-75
35	Баймырза өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	55-100
36	Шоқай өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	55-100
37	Ащысу өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
38	Шоқай су қоймасы	Бұқар-Жырау ауданы, Баймырза селосынан солтүстікке қарай 0,5 километр жерде	500	100
39	Өткелсіз өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	55-100
40	Қарасу (Жартас) өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
41	Теректы өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
42	Алтынсу өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
43	Аделсу өзені	Бұқар-Жырау ауданы	500	35-75
Қарқаралы ауданы				
44	Қарасор көлі	Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 километр жерде	500	35-50
45	Талды өзені	Қарқаралы ауданы	500	35-100
46	Балықтыкөл көлі	Қарқаралы ауданы, Қоянды кентінен оңтүстік-шығысына қарай	500	35-75
47	Жарлы өзені	Қарқаралы ауданы	500	75-100
48	Матақ өзені	Қарқаралы ауданы	500	50-75
49	Қарқаралинка өзені	Қарқаралы ауданы	500	35-100
50	Тұндық өзені	Қарқаралы ауданы	500	35-75
51	Аделсу өзені	Қарқаралы ауданы	500	35-75

52	Үлкен Қарқаралы көлі	Қарқаралы ауданы	500	35-100
Нұра ауданы				
53	Балықты көлі	Нұра ауданы	500	35-50
54	Бикеш өзені	Нұра ауданы	500	100
55	Сарыозек өзені	Нұра ауданы	500	35-50
56	Ащилы өзені	Нұра ауданы	500	35-50
57	Қыпшақ өзені	Нұра ауданы	500	35-50
58	Керей өзені	Нұра ауданы	500	35-50
Осакаров ауданы				
59	Шідерті өзені	Осакаров ауданы	500	100
60	Ошағанды өзені	Осакаров ауданы	500	35-75
61	Бикеш өзені	Осакаров ауданы	500	100
62	Баймырза өзені	Осакаров ауданы	500	55-100
63	Қарғалы өзені	Осакаров ауданы	500	50
64	Токсымақ көлі	Осакаров ауданы, Озерный ауылдық округінің солтүстік-батысына қарай 10 километр жерде	500	35-100
65	Есіл су қоймасы	Осакаров ауданы, Есіл өзенінен 40 километр жерде	500	35-100
66	Есіл өзені	Осакаров ауданы	500	35-75
67	Шоқай өзені	Осакаров ауданы	500	55-100
68	Оленты өзені	Осакаров ауданы	500	75-100
69	Ақбастау өзені	Осакаров ауданы	500	35-55
Шет ауданы				
70	Тұматай өзенінің учаскесі	Шет ауданы	500	35
71	Краснополянский су қоймасы	Шет ауданы, Қарағанды қаласынан оңтүстікке қарай 70 километр жерде	500	35-100
72	Сарыбұлақ өзені	Шет ауданы	500	100
73	Шажағай өзені	Шет ауданы	500	100
74	Жәмші өзені	Шет ауданы	500-1300	55-100
75	Талдыманака өзені	Шет ауданы	500	50
76	Курманака өзені	Шет ауданы	500	50
77	Талдыэспе өзені	Шет ауданы	500	50
78	Сулу өзені	Шет ауданы	500	50
79	Мойынты өзені	Шет ауданы	500	55-100
80	Есен өзені	Шет ауданы	500	35-75

81	Апарсу өзені	Шет ауданы, "Солтүстік Қатпар" кен орнының жоспарланған қызметінің іргелес учаскесі	500	35
----	--------------	---	-----	----

Қарағанды облысы әкімдігінің
2024 жылғы 4 қазандағы
№ 60/03
қаулысына 2-қосымша

Қарағанды облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылыққа пайдалану режимі мен ерекше жағдайлары

1. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылысжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылысжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру объектілерін, балық өсіру шаруашылықтары мен олардың коммуникацияларын орналастыруға және қызмет көрсетуге байланысты балық өсіру объектілерін, балық шаруашылығы технологиялық су айдындарын, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайларды салмай, ғимараттар мен құрылысжайларды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

2. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

Қарағанды облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған, кейбір қаулыларының тізбесі

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2011 жылғы 15 наурыздағы № 09/10 "Қарағанды облысының шекарасындағы Балқаш көлінің солтүстік бөлігінде, "Қазақмыс Корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Балқашцветмет" Өндірістік Қоғамының профилакториясы орналасқан Балқаш көлінің жағалау учаскесі мен Тоқырау өзені үшін, су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1891 болып тіркелген).

2. Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 11/01 "Қарағанды облысының Матақ, Жарлы, Каркаралинка өзендерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1908 болып тіркелген).

3. Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 11/03 "Қарағанды облысының Ащилыайрық, Кіші Бұқпа, Үлкен Бұқпа, Солонка, Узенка, Веснянка, Көкпекті, Талды, Шажағай, Сарыбұлақ өзендерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1910 болып тіркелген).

4. Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 11/05 "Қарағанды облысының Саран, Ащысу, Шоқай, Көкпекті, Краснополянский, Шерубай-Нұра су қоймаларында, Сасықкөл, Балықтыкөл, Қарасор, Балықты көлдерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1912 болып тіркелген).

5. Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № 61/02 "Қарағанды облысының Шайлы, Ащысу, Өткелсіз, Шоқай, Ошағанды, Баймырза, Бикеш, Тентек, Шідерті өзендерінде су қорғау аймақтары, белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2873 болып тіркелген).

6. Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № 61/03 "Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Қусақ өзенінде су қорғау аймақтары,

белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2874 болып тіркелген).

7. Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № 61/04 "Қарағанды облысының Қарғалы өзенінде және Тоқсымақ көлінде су қорғау аймақтары, белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2875 болып тіркелген).

8. Қарағанды облысының әкімдігінің 2019 жылғы 5 наурыздағы № 14/01 "Қарағанды облысының Тұматай өзенінің учаскесінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5218 болып тіркелген).

9. Қарағанды облысының әкімдігінің 2019 жылғы 09 сәуірдегі № 21/01 "Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5288 болып тіркелген).

10. Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 88/04 "Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 11/03 "Қарағанды облысының Ащилыайрық, Кіші Бұқпа, Үлкен Бұқпа, Солонка, Узенка, Веснянка, Көкпекті, Талды, Шажағай, Сарыбұлақ өзендерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6142 болып тіркелген).

11. Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 29/02 "Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 11/01 "Қарағанды облысының Матақ, Жарлы, Каркаралинка өзендерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6326 болып тіркелген).

12. Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылғы 17 мамырдағы № 33/03 "Зеленый аралы орналасқан шегінде Балқаш көлінде су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6341 болып тіркелген).

13. Қарағанды облысының әкімдігінің 2022 жылғы 13 қаңтардағы № 03/01 "Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26563 болып тіркелген).

14. Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 88/05 "Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 11/03 "Қарағанды облысының Ащилыайрық, Кіші Бұқа, Үлкен Бұқа, Солонка, Узенка, Веснянка, Көкпекті, Талды, Шажағай, Сарыбұлақ өзендерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату және оларды шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6141 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК